

**Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақ жөніндегі мемлекеттік бақылау ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің 2001 жылғы 4 сәуірдегі N 80-П бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1498. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 206-ө бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 12 қарашадағы N 1693 Р991693\_ қаулысымен және ерекше қорғалатын табиғи аумақтың функциясын қамтамасыз ету ретінде,  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтың мемлекеттік бақылау ұйымдастыру жөніндегі қоса беріліп отырған ережелері б е к і т і л с і н .

2. Қоршаған ортаны қорғау бас мемлекеттік инспекциясы Департаментіне және облыстық жануарлар және өсімдіктер дүниесін мемлекеттік бақылау аумақтық басқармаларына осы ереже іске асырылсын және қолданылсын.

3. Орман, балық және аңшылық шаруашылығы Комитетіне /Аманбаев А.К./, облыстық орман және биоресурстар жөніндегі аумақтық басқармаларына және ерекше қорғалатын табиғи аумақтың басшыларына ерекше қорғалатын табиғи аумақты тексеріс барысында көмек берсін.

4. Қоршаған ортаны қорғау бас мемлекеттік инспекциясы Департаментіне осы Бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде тіркеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрінің 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 504-П "Қазақстан Республикасы ерекше қорғалатын табиғи аумақ жөніндегі мемлекеттік бақылау ұйымдастыру ережелерін б е к і т у т у р а л ы " .

6. Осы бұйрықтың орындау барысы қоршаған ортаны қорғау бас мемлекеттік инспекциясы Департаментіне /Елеушов Б.С./ жүктелсін.

**М и н и с т р**

-----  
Жіберілсін: іске, қоршаған ортаны қорғау бас мемлекеттік инспекциясына,

ұйымдастыру және кадрлер жұмысының басқармасы, орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетіне, облыстық жануарлар және өсімдіктер дүниесін мемлекеттік бақылау аумақтық басқармаларына, облыстық орман және биоресурстар жөніндегі аумақтық басқармаларына

Қазақстан Республикасының табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2001 жылғы 04 сәуірдегі N 80-П шыққан бұйрығына қоса беріліп отыр

## **Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақ жөніндегі мемлекеттік бақылау ұйымдастыру ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер Қазақстан Республикасының Z970162\_ "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңының 9 бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қарашаның 1693 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы P991693\_ үлгі ережесі /әрі - Министрлік/, Қазақстан Республикасының табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жанындағы Қоршаған ортаны қорғау бас мемлекеттік инспекциясы Департаменті /әрі - Департамент/, ерекше қорғалатын табиғи аймақ /әрі - ЕҚТА/, облыстық жануарлар және өсімдіктер дүниесін мемлекеттік аумақтық бақылау басқармалары /әрі - облыстық бақылау басқармасы/ туралы үлгі ережелеріне арнайы белгіленген және ЕҚТА-да жүргізілетін мемлекеттік бақылау жұмыстарын анықтайды.

2. Министрлік тарапынан ЕҚТА-ны тексеру жұмыстары 1. тармақта көрсетілген құжаттар арқылы Департаменттің орталық аппаратындағы және облыстық бақылау басқармасындағы лауазым адамдар атқарады.

### **2. Бақылау жұмысын жобалау және ұйымдастыру**

3. Облыстық бақылау басқармалары ЕҚТА-тың қызметін мемлекет бақылау бойынша бір мақсатпен, сондай-ақ түгел жағын қамтитын біртұтас немесе негізгі жұмыстарға байланысты тексеріс жылдық жоспарлармен жүзеге асырылады.

Тексеру мерзімі жылсайын. Шаруашылық субъектілерді тексеру актілері прокуратуралар органдарында тіркелуі керек.

4. Қажет болған жағдайда ЕҚТА-ны тексеру жөнінде белгіленген тәртіп бойынша ғылыми-зерттеу, жобалау-зерттеу және басқа ұйымдардың мамандарын қатыстыруға болады.

5. Директор немесе директордың орынбасары облыстық бақылау басқармасының жылдық жұмыс жоспарын, облыстық бақылау басқармасының басшылары - мемлекеттік инспекторлардың жұмыс жоспарын бекітеді.

6. Жоспарда мемлекеттік бақылау ретінде болатын шаралардың аты, оны

тексеру барысында қолданылатын қаулы, бұйрық, үкім немесе басқадай нормативтік құжаттар, оған жауапты адамдар, уақыты көрсетіледі.

7. ЕҚТА-ты тексеру жүргізу шаралары жоспарда бөлекше көрсетіледі.

8. Жұмыс жоспарында осыдан бұрынғы тексеру бойынша ұсыныстардың қалай орындалып жатқанын бақылау барысы көзделеді.

9. ЕҚТА-тың құқық сақтау ісінің бағдарламасын Директор немесе Департамент директорының орынбасары бекітеді.

10. Инспекциялық қызмет жөнінде бекітілген жоспар және бағдарлама тексерілетін ЕҚТА-қа және арнайы шақырылған немесе бақылаушы және үстінен қарайтын мемлекет органдарына тексеріс басталатын күннен бір ай бұрын мәлімет етіледі.

11. ЕҚТА-ны тексеріс басшының немесе оның тағайындаған өкілінің қатысуымен өтеді. Ұйымның басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам қажет болса міндетті түрде тексеру мақсатында баратын жерге көлік, сондай-ақ сұраған құжаттарды және материалдарды беруге міндетті.

12. Проверка осуществляется путем изучения отчетных документов и осмотра объектов на месте. Кроме того, проверке подлежат вопросы определяемые перечнем, который утверждается органом, осуществляющим государственный контроль за особо охраняемыми природными территориями. <\*>

*РҚАО-ның ескертуі: Тармақтың қазақша аудармасы толық болмағандықтан мәтін орысшада беріліп отыр.*

13. По результатам проведенной в порядке госконтроля на месте проверки составляется акт в 3-х экземплярах, в котором характеризуется деятельность проверяемой ООПТ. Руководителю проверяемой ООПТ под расписку дается предписание установленной формы об устранении недостатков и нарушений. <\*>

*РҚАО-ның ескертуі: Тармақтың қазақша аудармасы толық болмағандықтан мәтін орысшада беріліп отыр.*

14. Ұйым бастығы актімен келіспесе ол өзінің көзқарасын ерекше жазбаша жазып актіге қосады.

15. Ерекше көзқарас нұсқама жасауға кедергі болмайды, оның бір данасы тексерілген ЕҚТА-ға, екіншісі - тексерілген ұйымнан жоғарғы тұрған органға беріледі. Нұсқама бойынша істелген жұмыстар туралы тексерілген ЕҚТА міндетті түрде тексерген органға мәлімет беруі керек.

16. Егерде тексеру барысында ЕҚТА-да табиғат қорғау заңдылығы бұзылғаны анықталса, мемлекеттік инспектор хаттама жасайды және белгіленген тәртіп бойынша әкімшілік іс қарайтын болады.

17. Мемлекеттік бақылау ретінде жүргізген тексеріс жүзеге асыру үшін алған

мәліметтер            тексеріс            кітабына            тіркеледі.

18. Тексеріс бойынша алынған мәліметтер жүзеге асыру үшін тізбе және статистикалық қорытынды есеп, сондай-ақ мемлекеттік бақылау қызметкерлері тексерудің қорытындысы бойынша жазбаша түсініктеме береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ